

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату),	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіп	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балалардың ересектерге көмектесуге,	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру,

<p>басқалар)</p>	<p>өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауды үйрету.</p>	<p>аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту.</p>	<p>сақтауға ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюды үйрету.</p>	<p>белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруді үйрету.</p>
	<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке,</p>	<p>"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді,</p>	<p>Саусақ жаттығуы", "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай</p>	<p>"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. (математика</p>	<p>"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту. Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар оны сипаттамадан анықтайды. Сипаттамасы</p>

	<p>байқағыштыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Пантомима ойыны. "Көліктер".</p> <p>Қимылдарды балаларға қайталату: - кемеңің суреті - екі алақанды біріктіріп, алға сермеп, толқынды қимылдар жасау; - ұшақтың суреті - жұдырықтарды өз алдында айналдыру, қолдарды екі жаққа созу; - жүк мәшинесінің суреті - рульді ұстаған тәрізді бұрау қимылдары; - пойыздың суреті - қолдарды жұдырыққа жинап, екі жақта,</p>	<p>жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</p> <p>"Пойызбен саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларда көліктер мен пойыз туралы түсініктерін қалыптастыру, пойыздың бірнеше вагоннан тұратыны, вагонда бірнеше терезе болытыны туралы түсініктерді тиянақтау. Саусақ жаттығуы. "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ, тоқ! Тоқ-тақ, тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен,</p>	<p>тықылдату). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. - Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу</p> <p>"Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуды үйрету. Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар</p>	<p>негіздері, құрастыру)</p> <p>"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.</p> <p>Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. (математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын жалғасады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p> <p>"Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк машинасының негізгі бөліктерін атауға</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>дөңгелектерге ұқсатып айналдырып қимылдау. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>күйсандықта ойнағандай соққылау). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ұқсап, соққылау). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау). Қуынышпен қарсы алады. - Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сүк саусақпен бұлғау) Жымындайды, жымындайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу) Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтарын "ашу және жабу") Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашу және жабу") Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сүк саусақпен бұлғау) Жымындайды, жымындайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу) Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашу және жабу")</p>		<p>жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>
--	--	---	--	--	---

			Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау) (сөйлеуді дамыту)		
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>				
Таңғы ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар</p> <p>Сиқырлы екен құралдар.</p>				

	<p>Қолға қасық аламыз.</p> <p>Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Гараж" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. (математика негіздері, құрастыру, танымдық дағдылар)</p>	<p>"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. (танымдық дағдылар, құрастыру)</p>	<p>"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуды үйрету. Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалташаларын таққан балалар, белгі бойынша қолдарын жан-жаққа жайып</p>	<p>"Көлік" ойыны. Педагог: - Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу)</p>

				"ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көліктің" рөлін педагог немесе белсенді бала, қолына руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайларға маскаларды немесе қалташалары үлестіріледі. (дене шынықтыру)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру;	Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта	Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын	Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып	Қазақ тілі "Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді

	сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.	орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту.	және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту.	екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру.	тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету.
2- таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып	Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі	Өрт сөндіру машинасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін

	<p>мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы. Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады.</p> <p>- Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)</p> <p>- Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару үшін.)</p> <p>- Балалар, көліктер әртүрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады.</p> <p>Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)</p>	<p>кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.</p> <p>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?</p> <p>- Құстар немен қоректенеді?</p> <p>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?</p> <p>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?</p> <p>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?</p> <p>- Құстар қандай дыбыс шығарады?</p> <p>Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды кусам да, Тойғызар ем бедеге.</p> <p>"Ұшты-ұшты" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын</p>	<p>көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.</p> <p>"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.</p> <p>"Кегліді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.</p>	<p>кеңейту; қызығушылықты дамыту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету.</p> <p>"Себетке допты лақтыр" ойын</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>Тазалық пен тәртіпке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>"Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.</p> <p>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті машина), рөлдер.</p> <p>"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет ету</p>	<p>Тақпақ.</p> <p>- Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың?</p> <p>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!</p> <p>- Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет.</p> <p>"Не жөнінде айтылады?" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).</p> <p>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету.</p> <p>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлігі атауларын немесе кез келген заттың атауларын атайды.</p> <p>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді.</p> <p>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.</p> <p>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.</p> <p>Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!" (қолдарын қимылдатады).</p>	<p>Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.</p> <p>Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшандыққа, зеректікке баулу.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.</p> <p>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.</p> <p>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.</p> <p>Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.</p> <p>Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Құралдары: қолғаптар, қаптар.</p> <p>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне</p>	<p>"Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын қимылдатпайды).</p> <p>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.</p> <p>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік</p>		<p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарын а қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>
--	--	--	--	--	---

		таңдауды үйрету.	<p>келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.</p> <p>Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.</p>		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға				

	машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп тұзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
Түскі ұйқы	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш батыр» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Хан мен құмырсқалар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Нүктелі массаж.</p> <p>Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.</p> <p>- Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау.</p>				

	<p>- Түшкіріп, тұмауратпау үшін сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу.</p> <p>- Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау.</p> <p>- Құлағымыз ауырмау үшін сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп тұзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</p> <p>"Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</p> <p>"Көліктердің дөңгелектерін жөндейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға</p>	<p>"Гараж" құрастыру.</p> <p>Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. (математика</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</p> <p>"Трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі</p>	<p>"Қарбыз тиелген жүк машина"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жүк машинасына қарбыздарды мүсіндеп жабыстыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (мүсіндеу)</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны.</p>

	<p>таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту,</p>	<p>жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пен шаршыны зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.</p> <p>"Дөңгелектер" Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру. (жапсыру)</p> <p>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай</p>	<p>негіздері, құрастыру)</p> <p>Сюжетті-рөлді ойын. «Балабақшаға хат келді». Мақсат-міндеттер: диалогтық сөйлеуді дамыту, бір затпен бірнеше әрекеттерді орындауға үйрету. Материалдар: жазу және аю Ойын барысы: Педагог балаларға балабақшаға хат келгенін айтады. Бұл хатта Алан оған посылка жіберуді сұрайды. Біз жібереміз бе? Содан кейін оған қонақүйлерді жинау керек. Балалардан Алан қандай қонақүйлерді жақсы көретінін анықтайды.</p>	<p>қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Трактордың бөлшектерін тап". Мақсат-міндеттері. Трактор бөлшектерін жинау. (құрастыру)</p> <p>Трактор суретін бояу. Мақсат-міндеттері. Тракторды сипаттау, түстерін атау, суретін бояу. (сурет)</p> <p>"Не жоқ?" жаттығуы. Балалардың алдына жүк көлігінің бір суретінен беріледі. Әр баланың суретінде көлік бөлшектерінің бірі жеткіліксіз болады. (кабина не шанақ, не дөңгелек)</p>	<p>«Соқыртеке» ойыны. 3+ Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Балалар ортаға шеңбер құрып тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: «Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ, Мені ізден тап, тап!» - деп, өлеңмен</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>кұрылысшылардың ерекшеліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын кеңейту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, бәрін жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоки бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық!" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек. (дене шынықтыру)</p>	<p>Балалар Аланға арналған қонақ үй сөмкесін жинайды. Әрі қарай, тәрбиеші балаларды ойын әрекеттеріне итермелейді және ойын барысын бақылайды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Бөлшектері табақшада жатады. Өз машиналарында не жоқ екенін атайды және қажетті бөлшекті қосады. Жеке жұмыс барысында баладан бөлшек атауын және түсін сұрауға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Вариативті компонент/Әлеумет "Кітапхана" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды кітапханамен және кітапханашының қызмет ерекшелігімен таныстыру; кітапхананың адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту; кітапхананың</p>	<p>айтады. Содан кейін Соқыртеке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп, ақырын түртіп қалып, жан-жаққа қаша жөнеледі. Соқыртеке ұстап алған баланың көзі байланады, енді «соқыртеке» рөлін сол ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді. (дене шынықтыру)</p>
--	---	---	---	---	--

				ережелері мен тәртібі туралы мағлұмат беру.	
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Саусақ жаттығуы".</p> <p>"Пойыз келе жатыр".</p> <p>Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ! Тоқ-тақ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау).</p> <p>Жылдам келе жатыр: Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау).</p> <p>Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау)</p>	<p>Санамақтар айтқызу.</p> <p>"Нешеуіміз?"</p> <p>Бір үйде нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз.</p> <p>Бас бармағым - әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен, Кішкене бөбек - сен.</p> <p>Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Машина" тақпағын жаттау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту.</p> <p>Оразақын Асқар "Машина".</p> <p>Машина істе - серігің, Жолға шықсаң - көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім?</p> <p>Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы.</p>	<p>"Светофор" тақпағын жаттау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.</p> <p>Бала тілін дамыту.</p> <p>Зайда Елғондинова "Бағдаршам".</p> <p>Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!" - дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!" - дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады,</p>

	Қуанышпен қарсы алады. -Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)			(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы.	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы	Құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.	Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан	Өрт сөндіру машинасын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту. Ересек адамдармен

	<p>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады.</p> <p>- Жеңіл көлік қай жерде жүред? (Жерде.)</p> <p>- Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)</p> <p>- Балалар, көліктер әртүрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады.</p> <p>Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p>және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.</p> <p>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.</p> <p>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)</p> <p>Тақпақ.</p> <p>- Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың?</p>	<p>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?</p> <p>- Құстар немен қоректенеді?</p> <p>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?</p> <p>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?</p> <p>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?</p> <p>- Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ.</p> <p>Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да, Тойғызар ем бедеге.</p> <p>"Ұшты-ұшты!" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Тәрбиеші балаларға</p>	<p>түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.</p> <p>"Көлікті жүргіземіз" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тақпақта айтылған сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға бейімдеу; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Біздің арман көрікті - Жүргіземіз көлікті.</p> <p>"У-у-у!" - деп, мотор дыбыстайды, "У-у-у!" - деп, тоқтамайды.</p> <p>Рөлді мықты ұстаймыз, Аяқпен басып,</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары:</p> <p>"Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету.</p> <p>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>"Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті мәшине), рөлдер. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. Дене тәрбиесі</p>	<p>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты</p>	<p>ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты" (қолдарын қимылдатады). "Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын қимылдатпайды). "Көлік пен</p>	<p>газдаймыз. "Ту-ту-у!", шығамыз жолға, "Ту-ту- у!", бәрі алда. Д. Ахметова. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. "Кегліді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кегліді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке,</p>	<p>ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарын а қарай ойын таңдау мүмкіндігін</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>бойынша жекелей жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.</p>	<p>"торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп</p>	<p>зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>
--	--	--	--	---	---

			<p>орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.</p> <p>Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.</p>		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық				

	<p>қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар кешкі астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты суреттер (музыка) Өнер бұрышында көлік түрлерінің суреттерін бояу, көлік түрлерін таңдап мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушінің" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p>

	Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Бақыт дегеніміз - отбасындағы татулық"	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз" тақырыбында кеңес.	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.	Ата-аналарға кеңес. "Балалардың танымын және сөйлеуін дамытуға бірыңғай тәсілді қалыптастыру"